

Қамқоршылары 6 айда 1 рет қаржының жұмсалуды туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына есеп береді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жасөспірімдерді қамқорлыққа алу туралы кеңес алу үшін және құжаттарды рәсімдеу үшін аудандық білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық органына өтініш білдіреді.

Қорғаншылық және қамқоршылық органы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Заңының негізінде жұмыс атқарады.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «**Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы**» Кодексінің негізінде білім беру мекемелерінде мектеп басшылары, қызметкерлері, ата-аналарының қатысуымен арнайы кездесулер өткізіліп тұрады.

Аудан бойынша жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың отбасылық түрлерін дамыту жөнінде жұртшылық арасында ақпараттық-насихаттау жұмыстары жан-жақты жүргізілуде.

Төраға – комиссия отырысына алып қосарларыңыз бар ма? Жоқ болса күн тәртібіне сәйкес қаулы қабылдайық.

Күн тәртібіндегі мәселе қаралып, талқыланып комиссия

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

«Өмірдің қиын жағдайына тап болған кәмелетке толмағандар үшін қорғаншылық және қамқоршылық органының жанындағы қоғамдық қабылдаудың жұмысы, қамқоршылыққа алынған балалардың жағдайы туралы» есебі назарға алынсын.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:




Б.Сқабаев

«Қамқоршылық» кеңесінің хатшысы:



С.Сарыбаев


Күлтебаев Қ – мүшесі



Жаныбекова Н. – мүшесі



Советқали Б.А.-мүшесі



Қозылияс- мүшесі

